

Түркістан қаласының әуежайына әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге рұқсат ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 19 ақпандағы № 79 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 57) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан қаласының әуежайына әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Қаржы министрліктері және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин